

«№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай – балабақшасы» МКҚК

**Тақырыбы: «Біз татумыз,мықтымыз!»**

Дене тәрбие нұсқаушысы:Койшыбаева Г.К

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Біз татумыз,мықтымыз!»

**Мақсаты:** Балалардың денесін шыңдап, күш қуатын нығайту. Жарыс кезінде ойынға қызығушылығын арттыру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Д/ш:** Құрметті кішкене бөбектер, балабақша қызметкерлері, бүгінгі балабақшамызда өткелі тұрған «Біз татумыз,мықтымыз!» атты спорттық ойынға қош келдіңіздер. Бүгінгі спорттық сайысқа қатысатын балабақшамыздың ересек топ балаларын ортаға шақырамыз, қарсы алыңыздар!

**1- боп келе жатқан «Жеңіс» тобы**

**2- боп келе жатқан «Алғырлар» тобы**

Қош келдіңіздер құрметті балалар!

Денсаулық бар байлығың басыңдағы,

Жайнаған өміріңнің жасыл бағы

Қастерлеп аяласаң, мәпелесең,

Бойыңнан кетпес қуат жасыңдағы – деп, бүгінгі

«Біз татумыз,мықтымыз!» атты сайысымызды бастаймыз!

**Д/ш:** Сіздерге қарап тұрсам, күштері бойларына сыймай тұрған мынау кімдер?

**Балалар:** - Батырлар

- Ептілер

- Күштілер!

**Д/н:** Олай болса балалар, қане, күшімізді көрсетейік.

**1.«Кім бірінші?»**

Самокатпен жарысып, белгіленген жерден айналып келу.

**Барлық балалармен жұмыс. (Жұмбақ шешу)**

Тепсең-ақ секіріп,

Ұстатпай қашады.

Бір жерге бекініп,

Тұра алмай сасады. (ДОП).

## **2. «Көңілді доптар!».**

Шарты: Түлі-түсті допты өз командаларына жинау.

## **3.«Кім жылдам?»**

Шарты:Құрсаудан секіріп доптарды апарып тастайды,келесі бала алып келеді.

## **4. «Бірінші бол!»**

Шарты: Жіптің астынан өтіп,таяқшадан секіріп белгіленген жерден айналып келу.

**Д/н:**

Денсаулық-ол күлуің

Көңіл күйің жадырай

Денсаулық-ол жүруің

Ешбір жерің ауырмай!

**Қорытынды.**

**Спорт бізбен бірге! 3 рет**

Жарайсындар балалар, сендерге көп рахмет! Бүгінгі жарысымызға қатысқан топ балаларына, тәрбиешілеріне көп рақмет айтамыз!